



Ақмешіт

1 желтоқсан
сәрсенбі
№95 (1797)
2021 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ЕЛБАСЫ ҚАМҚОРЛЫҒЫНДАҒЫ СЫР ЕЛІ

Жаны жайсаң, көңілі дархан
Сыр өңірі қашанда Елбасы
Нұрсұлтан Назарбаевтың
назарынан тыс қалған емес.
Аймағымыздың қазақ халқы
тарихында алатын орнын
саралаған Елбасы
«Сыр – Алаштың анасы»
деп баға берді. Бұл жерде
Жент, Сығанақ және
Қызылорда секілді қазақтың
үш астанасы болған. Бұл –
Қорқыт бабамыздың,
Жанқожа мен Бұхарбай сынды
батырлардың, Мұстафа
Шоқай, Сыр сүлейі Кердері
мен ғұлама Тұрмағанбет, ақын
Әбділдә мен Нартай, тамаша
жазушылар – Әбдіжәміл мен
Қалтайды, тағысын тағы
көптеген ардақты, дарынды
перзенттердің туған өлкесі.



1991 жылдың 1 желтоқсанында Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Президенті болып Нұрсұлтан Назарбаев сайланды. 10 желтоқсандағы Президентті алғашқы ұлықтауға (инаугурация) арналған салтанатты жиында еліміз Қазақстан Республикасы деп аталатын шешім қабылданды. Ал 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» заң күшіне енді.

Президентті алғашқы ұлықтау рәсіміне облыс делегациясы құрамында мен де бардым. Осылайша, Нұрсұлтан Назарбаевтың ант беру рәсімінің күзгері болдым. Оны мақтанышымен еске аламын. Ата заңға оң қолын қойып, ант беріп тұрған сәті еді. Арт жақтан сахнаға ілінген республика туы құлап бара жатты. Сол сәтте ол кісі көз ілесес шашпаңдықпен туды құлатпай ұстап қалды. Уақыт көрсеткендей, көптеген қиындықтар артқа тастадық. Барлық жағынан алға қадам бастық. Әлем картасында Қазақстан өз орны бар мемлекетке айналды. Көк байрағымыз әлемнің көптеген елінде мен мұңдалап желбіреп тұрды.

2 БЕТТЕ



ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті қызылордалықтар!
Қадірлі жерлестер!

Баршаңызды Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Еліміздің жетістіктерін ұлықтайтын, жас ұрпаққа нағыз елжандылық пен Отансүйгіштіктің үлгісін көрсететін бұл мерекенің орны ерекше.

1 желтоқсан – тәуелсіз еліміздің қатпарлы тарихында жаңа парақша ашылған күн. Осыдан тура 30 жыл бұрын еліміз шекарасын бекітіп, егемендігін алып, өз тәуелсіздігін жариялап, тұғырына туын көтеріп болашағы үшін тағдырлы шешім қабылдады. Сол жылы алғаш рет жас мемлекеттің Президенті сайланып, халқымыз тарихи тандау жасап, Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа ел тізгінін ұстатты.

Мемлекетіміздің Тұңғыш Президенті – жаңа тәуелсіз мемлекеттің шаңырағын көтеріп, ел еңесін тіктеп, қадамын нықтап, болашаққа батыл бастап, тұтас халықтың татулығы мен ауызбіршілігін сақтап, тірлігін түлетті.

Дербес ел атанып, тәуелсіздігін алған отыз жылға жуық уақыт ішінде Қазақстандық мәселелерді шешуде ортақ ой айта алатын, әлемдік деңгейде үздік саясаттың үлгісін қалыптастырған, экономикасы қарқынды дамушы ел ретінде барша әлем танып, мойындады. Тұңғыш Президентіміздің сындарлы, сарабал саясатының арқасында еліміз экономикалық реформаларды сәтті жүзеге асырып, тұрмысы түзелген, халқының әл-ауқаты жақсарған мемлекеттердің қатарына қосылды.

Сондықтан бұл – татулықты ту етіп, экономикалық ынтымақтастықты берік сақтап келе жатқан мемлекетіміз үшін маңызы мол, бірлігі жарасқан халқымызды бір мақсатқа жұмылдырар тарихи тағылымы терең мейрам.

Халқымыздың бірлігі мен берекесін ұлықтап, мемлекеттің мерейін асыратын мәртебелі мерекеле баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін. Тәуелсіздігіміз мәңгі болып, халықтың бірлігі мен ынтымағы артып, еліміз тыныш, Елбасымыз аман болғай!

Ізгі ниетпен,
Қызылорда қаласының әкімі
Ғанибек ҚАЗАНТАЕВ



ҚАЙ ЕЛ ҚАЛАЙ ТОЙЛАЙДЫ?

1 желтоқсан – тәуелсіз қазақ елінің күнтізбесінде белгіленген мереке. 2011 жылдың 10 желтоқсаны күні ҚР Парламенті Сенаты депутаттарының бастамасымен «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» ҚР заңына толықтыру енгізу туралы» ҚР заңы қабылданды. Заңда 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнін белгілеген еді. Сол уақыттан бері қыстың алғашқы күні тұңғыш Президент күні мерекесі ретінде тойланып келеді.

Жалпы мұндай атаулы күн бірнеше елде бар. Мереке қарсаңында Президент күні мерекесін атап өтетін елдерге шолу жасап көрдік...
Америкалықтар ақпанның үшінші дүйсенбісінде демалады. Бұл күні 1885 жылы тұңғыш президент Джордж Вашингтонның құрметіне белгіленген Президент күнін атап өтеді. 1782 жылы Алғаш рет Виргиния штатында жұртшылық Вашингтонның туған күнін атап өткен. Олар бұл күні балл, парад, түскі қонақ асын ұйымдастырған. Бірнеше штатта бұл дәстүр жалғасын тауып, 1855 жылы жалпы ұлттық мейрам деп жарияланды.

Джордж Вашингтон 1732 жылы 22 ақпанда дүниеге келген. 70-жылдардың басына дейін мейрам осы күні ғана аталып өтті. Алайда президент Никсон ақпанның үшінші дүйсенбісіне ауыстырып, Президент күнін тек Вашингтонның ғана емес, АҚШ-тың 16-президенті Авраам Линкольннің де құрметіне атап өтуді ұсынды.

4 БЕТТЕ

ЕГЕМЕНДІК ЕЛ ЕҢСЕСІН ТІКТЕДІ

Осыдан 30 жыл бұрын он бес елдің басын қосқан алып держава КСРО ыдырап, одан бөлініп шыққан одақтас республикалар қандай жолды тандарын білмей, аласапыран күй кешті. Осындай қарбалас сәттегі тарихқа көз жүгіртер болсақ, 1990 жылдың 25 қазанында жарияланған Қазақ КСР-нің Мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясында, республикамыздың сыртқы саясат саласының егемендігі тәжірибелік

мазмұнмен толықтырылып, Қазақстан халықаралық экономикалық қатынастар аренасына белсенді шыға бастады. Ондағы мақсат барлық шет елдермен тығыз әрі салықалы байланыстар орнатып, олармен нарықтық экономика жағдайында тәжірибе алмасып, жаңа кадрлар дайындау бағытында жаңа сипатта жұмыс істеуді қолға алу еді. Бұл еліміздің болашағы үшін барынша қажет еді. Тәуелсіздік тұғырына қонған

2 БЕТТЕ



Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы мен Қазақстанның Тұңғыш Президенті күніне орай Қызылорда қаласында «Қаламгерлер» аллеясы ашылды. Шараға өңірдегі ақын-жазушылар мен журналистер, мәслихат депутаттары мен ардагерлер қатысты.

ҚАЛАМ ҰСТАҒАН ҚАУЫМҒА ҚҰРМЕТ



Аллеяның ашылу салтанатында қала әкімінің орынбасары Бектас Нұридинов сөз сөйлеп, қаламгерлер қауымын мерекемен құттықтады.

– Еліміз тәуелсіздік алған тұста қазақ журналистикасы да ерекше қарқынмен дамып, жас мемлекетімізбен бірге түледі. Сіздер тәуелсіз еліміздің даму тарихындағы небір қиын-қыстау кезеңдерде мемлекеттік саясаттың бастамасымен қолға алынған

әрбір шараны қолдай отырып, қоғамда орнықты ой-пікір қалыптастырып, халық пен билік арасында алтын көпір бола білдіңіздер. Қоғамның тынысын деп басып, көптің көкейіндегісін билікке жеткізу, ортақ мекеніміздің жетістігін насихаттау жолында тынымсыз еңбек етіп жүрген баршаңызды ел тәуелсіздігінің 30 жылдығымен және «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті» күнімен шын жүректен құттықтаймын, – деді қала әкімінің орынбасары.

Шарада ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Қызылорда қоғамдық» телеарнасының құрылтайшысы Шәкізат Әбдікәрімов жылы лебіз білдірсе, аллея лентасын Жолдасбек Ақсақалов, Игорь Титенок секілді белгілі қаламгерлер кесті.

Салтанатты шара өнерпаздар әзірлеген театрландырылған қойылыммен аяқталды.

«Қаламгерлер» аллеясының ашылуынан соң «Студенттер сарайында» қала әкімі Ғанибек Қазантаевпен кездесу өтті. Токсан сайын журналистермен кездесуді тұрақты өткізуді жолға қойған қала басшысы бұған дейінгі басқосуда көтерілген мәселелер бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– Өздеріңізбен біршама уақыт бұрын дәл осы дөңгелек үстел басында кездескен едік. Сол кездесуде айтылған ұсыныс-пікірлер назарға алынып, арнайы іс-шаралар жоспары бекітілген болатын. Біз аталған ұсыныстарды жан-жақты саралап, орындалуы бойынша тиісті жұмыстарды жасалдық, – деді қала әкімі.

3 БЕТТЕ

Баспасөз-2022

**АҒАЙЫН,
«АҚМЕШІТ
АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?**

Баспасөзге 2022 жылдың
бірінші жарты жылдығына жазылу жүруде.
Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын!
Жекелер үшін 6 айға – 2500 теңге,
мекемелер үшін – 3500 теңге.
Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына
нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08



